

Бекітемін: 
« 02 » « 09 » 2025 ж.
№41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасының
менгерушісі: А.Е. Каралина

Менгеруші жанындағы отырыс жоспары
2025-2026 оқу жылы

Мақсаты: білім беру мақсатында балалардың дамуы және педагогтардың шығармашылығының бірінғай кеңістігін қамтамасыз ету.

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	1. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы. 2. Педагогикалық кадрларды орналастыру; 3. Баланың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі нұсқаулықтармен таныстыру. -ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыру және өткізу жөніндегі балабақша тәрбиешілеріне арналған нұсқаулық. 4.Ата-аналардан (немесе баланың заңды қамқоршысынан) заңсыз ақша жинамау туралы бұйрықпен таныстыру.	Қыркүйек	Менгеруші Каралина А.Е.
2	1. Салыстырмалы бақылау: Балабақшадағы мамандар қызметін бақылау және талдау. 2. Тәлімгердің жұмыс жоспарын бекіту. 3. Ертеңгіліктер кестесі мен сценарийлерді бекіту.	Қараша	Менгеруші Каралина А.Е. Әдіскер Ниетбаева Г.Ж.

3	<p>1. Жаңа жылдық мерекелерге дайындық, музыка залын безендіру, топтар, дәліздер.</p> <p>2. Ертеңгіліктер кестесі мен сценарийлерді бекіту.</p> <p>3. I тоқсан бойынша балалардың сырқаттануы жөнінде көрсеткіш қорытындысы</p> <p>4. Талдау: «Балалардың эстетикалық тәрбиесінің деңгейі»</p>	Желтоқсан	<p>Менгеруші Карабалина А.Е.</p> <p>Әдіскер Ниетбаева Г.Ж.</p> <p>Медбибі Бурханова З.Т.</p>
4	<p>1. 2026 жылғы қызметкерлердің еңбек демалыс кестесін бекіту.</p> <p>2. Қыс мезгілінде баланың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі нұсқаулықпен таныстыру.</p>	Қаңтар	<p>Менгеруші Карабалина А.Е.</p> <p>Әдіскер Ниетбаева Г.Ж.</p>
5	<p>1. Мектепалды тобының балаларының оқуға дайындық деңгейі.</p> <p>2. Жемқорлық жабық құбылыс. (ұжым арасынан алынған сауалнама қорытындысы).</p>	Ақпан	<p>Әдіскер Ниетбаева Г.Ж.</p> <p>Психолог Айжанова А.К.</p>
6	<p>1. Көктем мезгілінде баланың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі нұсқаулықпен таныстыру.</p> <p>2. Наурыз айында өткізілетін мерекелерге дайындық, педагогикалық жұмыс, музыка залын безендіру, топтар, дәліздер.</p> <p>3. Ертеңгіліктер кестесі мен сценарийлерді бекіту.</p> <p>4. II тоқсан бойынша балалардың сырқаттануы жөнінде көрсеткіш қорытындысы.</p>	Наурыз	<p>Менгеруші Карабалина А.Е.</p> <p>Әдіскер Ниетбаева Г.Ж.</p> <p>Медбибі Бурханова З.Т.</p>

<p>1. 9 мамыр Жеңіс күніне қарсы ұйымдастырылған іс-шараның өткізілуі.</p> <p>2. Балаларды мектепке шығарып салу жұмыстарын ұйымдастыру. Жазғы сауықтыру мерзіміне дайындық жедел бақылау.</p> <p>3. Жазғы демалыста кадрларды орналастыру мен топтарды топтау.</p>	Мамыр	Меңгеруші Карабалина А.Е. Әдіскер Ниетбаева Г.Ж.
--	-------	---

Меңгеруші жанындағы кеңес хаттамасы

ХАТТАМА №1

Күні: 03.09.2025 жыл

Қатысқандар:18

Қатыспағандар:5

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы туралы.
2. Педагогикалық кадрларды топтарға орналастыру.
3. Баланың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі нұсқаулықтармен таныстыру:
 - ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыру және өткізу тәртібі;
 - балабақша тәрбиешілеріне арналған қауіпсіздік нұсқаулығы;
 - күзгі кезеңде баланың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі нұсқаулық.
4. Ата-аналардан (немесе баланың заңды өкілдерінен) заңсыз ақша жинауға тыйым салу туралы.
5. Ас мәзірін стандартқа сәйкес ұйымдастыру бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу

1-мәселе бойынша тыңдалды: Балабақша меңгерушісі А.Е. Карабалина жаңа оқу жылына дайындық жұмыстары туралы баяндама жасады. № 41 «Назерке» бөбекжай балабақшасының 2025-2026 оқу жылына дайындығын баяндау барысында, топ бөлмелерінің санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкестігі, жиһаздардың қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі ережелерінің сақталуы туралы айтылды. Тексеру барысында балабақшадағы 9 топта жаңа оқу жылына толықтай дайын екендіктерін айтты. Сонымен қатар оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға арналған жылдық жоспардың бекітілгені, күн тәртібінің жас ерекшеліктеріне сай құрылуы, балалардың бейімделу кезеңіне ерекше назар аудару қажеттілігі атап өтілді.

Сөйлегендер : Әдіскер А.Ж. Ахметова педагогтардың барлығы биылғы жылдың перспективалық жоспарларының және де тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы стандарт пен әдістемелік нұсқаулықты басшылыққа алып жазылып жатқандығын айтып өтті.

2-мәселе бойынша тыңдалды: Балабақша меңгерушісі А.Е. Карабалина педагогтарға мекеменің жұмыс уақыты таңғы сағат; 08:00 кешкі 18:30-ға дейін жұмыс жасайтындығын айтты. Күзетшілерден басқа күнделікті жұмысқа әрбір қызметкерлер ерте келіп, жұмыс орындарын ретке келтіріп, балаларды қабылдағанға дейін дайын болу керек екендігін айтып өтті.

Әдіскер А.Ж. Ахметова педагогикалық кадрларды топтарға орналастыру туралы хабарлама жасады. Тәрбиешілердің біліктілік санаты, еңбек өтілі, кәсіби тәжірибесі ескеріле отырып, әр топқа жауапты педагогтар бекітілгені айтылды.

3-мәселе бойынша тыңдалды: Балабақша медбикесі З.Т. Бурханова және әдіскер А.Ж. Ахметова баланың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі нұсқаулықтармен таныстырды. Атап айтқанда:

- ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау;
- серуен, тамақтану, ұйқы уақытында балаларды қадағалау;
- күзгі кезеңде суық тию ауруларының алдын алу;
- санитарлық талаптарды сақтау;

- жазатайым оқиғалардың алдын алу шаралары түсіндірілді.

Барлық педагог қызметкерлер нұсқаулықпен танысып, оны қатаң сақтау міндеттелетіні айтылды.

4-мәселе бойынша тыңдалды: Балабақша меңгерушісі А.Е. Карабалина ата-аналардан немесе баланың заңды өкілдерінен заңсыз ақша жинауға қатаң тыйым салынатынын хабарлады. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, балабақшада ерікті жарналардан басқа кез келген міндетті қаржы жинауға жол берілмейтіні түсіндірілді. Ата-аналармен түсіндіру жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу қажеттілігі айтылды.

5-мәселе бойынша тыңдалды: Балабақша меңгерушісі А.Е. Карабалина балабақшада дайын тағамның сапасын анықтау мақсатында бракераж комиссиясының құрылатынын айтты. Оның құрамына мекеме басшысы, әкімшілік, медициналық қызметкер, кәсіподақ төрайымы, өндірістік қызметкер (аспазшы) және ата-аналар кіреді. Балабақша асханасында азық-түліктердің сапасын және ас мәзірін дәмдік сапасын қадағалау, тағамдарға бақылау мен санитарлық - гигиеналық нормаларды сақтау мақсатында бракераждық комиссия мүшелері тамақтану мәселесін ай сайын, апта сайын қадағалау керектігін айтты. Медициналық қызметкерлердің міндетіне не жататынын айтып, таныстырды. Асханадағы санитарлық-гигиеналық жағдайы ай сайын түбегейлі (күн сайын тексеру) рейдтік іс-шаралар жүргізіліп, акт толтыратынын айтты. Ас әзірлеуге қатысты адамдардың денсаулығын бақылау, қадағалау жұмыстары жүргізілетін айтты. Денсаулық сақтау, министрлігінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен мен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларына сай тиісті жұмыстар жүргізу. ҚР денсаулық сақтау министрінің 04.03.2025 №16 (01.09.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) Сонымен қатар, апта бойына бала әртүрлі жарма мен ет, балықтың қажетті мөлшерін қабылдауы тиіс екенін айтты

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Педагогикалық кадрларды бекітілген топтарда жоспарға сәкес жұмыстар жүргізілуін қадағалансын..
3. Баланың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі барлық нұсқаулықтар педагог қызметкерлер тарапынан қатаң сақталсын.
4. Күзгі кезеңде балалардың денсаулығын қорғау шаралары күшейтілсін.
5. Ата-аналардан заңсыз ақша жинауға жол берілмесін, түсіндіру жұмыстары тұрақты жүргізілсін.
6. Күнделікті ас мәзіріне сәйкес тамақтануды ұйымдастыруды қадағалансын.

Төраға: _____ /қолы/
Хатшы: _____ /қолы/

ХАТТАМАСЫ № 2

Өткізілген күні: 3.11.2025 жыл

Отырыстың түрі: Меңгеруші жанындағы жоспарлы отырыс

Төраға: Балабақша меңгерушісі - А.Е. Карабалина

Хатшы: Әдіскер – Г. Ж. Ниетбаева

Қатысқандар: Балабақша меңгерушісі, әдіскер, тәрбиешілер, педагог-мамандар (психолог, музыка жетекшісі, дене шынықтыру нұсқаушысы)

Қатыспағандар: 0

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Өткен кеңестің шешімінің орындалуы.
2. Балабақшадағы мамандар қызметін салыстырмалы бақылау және талдау
3. Тәлімгерлердің жұмыс жоспарларын бекіту
4. Ертеңгіліктер кестесі мен сценарийлерін бекіту

Тыңдалды: Әдіскер – Г.Ж.Ниетбаева өткен педагогикалық кеңесте қабылданған қаулыға сәйкес бірқатар жұмыстар атқарылды. Бірінші мәселе бойынша топтардың жаңа оқу жылына дайындығы тексеріліп, нәтижесінде барлық топтардың оқу жылы бастауға дайын екені анықталды. Топ бөлмелері санитарлық талаптарға сай жабдықталып, оқу-тәрбие процесіне қажетті көрнекіліктер мен әдістемелік құралдар толықтырылды.

Екінші мәселе бойынша бекітілген педагогикалық кадрлардың жұмыс жоспарлары қаралып, жоспарға сәйкес оқу-тәрбие жұмыстарының жүйелі түрде жүргізіліп жатқаны бақылауға алынды. Әр педагогтың күнтізбелік-тақырыптық жоспары талапқа сай екені анықталды. Сонымен қатар педагогтерге әдістемелік көмек көрсету мақсатында жеке кеңестер беріліп, оқу процесін жетілдіру бағытында ұсыныстар жасалды. Ата-аналармен жұмыс барысында заңсыз ақша жинауға жол бермеу туралы түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, ата-аналар жиналысында бұл мәселе бойынша нақты ескерту жасалды. Жалпы, қаулыда көрсетілген тапсырмалар жоспарға сәйкес орындалып, бақылау жалғасуда.

Тыңдалды: Балабақа медбикесі – З.Т. Бурханова өткен педагогикалық кеңесте қабылданған қаулыға сәйкес балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілді. Балалардың денсаулық жағдайы тұрақты түрде бақылауға алынып, күнделікті таңертеңгі сүзгі (фильтр) ұйымдастырылды. Ауру белгілері анықталған балалар дер кезінде оқшауланып, ата-аналарға хабар берілді. Күзгі кезеңге байланысты балалардың денсаулығын қорғау шаралары күшейтіліп, профилактикалық жұмыстар жүргізілді. Топ бөлмелерінің тазалығы, желдетілуі, температуралық режимі санитарлық талаптарға сай тексерілді. Педагогикалық қызметкерлерге балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау бойынша нұсқаулықтар қайта түсіндіріліп, қауіпсіздік ережелерінің қатаң сақталуы ескертілді. Сонымен қатар ата-аналарға балалардың маусымдық аурулардың алдын алу шаралары туралы кеңестер беріліп, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Қорыта айтқанда, қаулыда көрсетілген барлық денсаулық сақтау шаралары толық орындалып, алдағы уақытта да бақылау жұмыстары жалғасын табады.

Екінші мәселе бойынша Әдіскер Г. Ж. Ниетбаева балабақшадағы педагог-мамандардың қызметіне жүргізілген бақылау және салыстырмалы талдау. Бүгінгі меңгеруші жанындағы отырыста қаралатын негізгі мәселелердің бірі – балабақшадағы педагог-мамандардың оқу-тәрбие қызметіне жүргізілген салыстырмалы бақылау және оның нәтижелерін талдау болып табылады. Қараша айының жоспарына сәйкес, әдістемелік жұмыс аясында

тәрбиешілер мен педагог-мамандардың ұйымдастырылған іс-әрект қызметтері, күн тәртібін ұйымдастыруы, балалармен жеке және топтық жұмыстары жүйелі түрде бақылауға алынды. Бақылау барысында педагогтардың ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары және тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы, ұйымдастырылған іс-әрекет қызметтерінің құрылымы, қолданылған әдіс-тәсілдер мен көрнекіліктер, сондай-ақ балалардың ұйымдастырылған іс-әрекет үдерісіне қатысу белсенділігі жан-жақты қарастырылды. Жүргізілген бақылау нәтижесінде педагогтардың басым бөлігі оқу-тәрбие процесін мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкес ұйымдастырып отырғаны анықталды. Ұйымдастырылған іс-әрекеттің ойын технологиялары, дамытушы тапсырмалар, қимылды және шығармашылық ойындар тиімді қолданылған. Балалардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескеру педагогтардың негізгі назарында болғаны байқалды. Сонымен қатар, кейбір педагогтардың жұмысында әдістемелік тұрғыдан жетілдіруді қажет ететін мәселелер де анықталды. Атап айтқанда, ұйымдастырылған іс-әрекеттің қызметтерінің құрылымын нақтылау, уақытты тиімді пайдалану, балалардың дербес ойлау және өздігінен жұмыс істеу дағдыларын дамыту бағытында қосымша жұмыс жүргізу қажеттілігі бар екені байқалды. Әдістемелік қызметтің маңызды бағыттарының бірі – педагогтардың кәсіби дамуын қолдау. Осы мақсатта қараша айында ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттің қызметтерін өткізу, тәжірибе алмасу сабақтарын ұйымдастыру, әдістемелік кеңестер беру жоспарланып отыр. Бұл жұмыстар педагогтардың өзара тәжірибе алмасуына және кәсіби деңгейінің артуына мүмкіндік береді деп есептеймін. Бақылау нәтижесінде педагогтардың көпшілігі ұйымдастырылған іс-әрекет қызметін талапқа сай жоспарлап, балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастыратыны анықталды. Ұйымдастырылған іс – әрекет барысында дамытушы орта арқылы көрнекі құралдар, дидактикалық материалдар, ойын элементтері тиімді пайдаланылған.

Сөйлегендер: Меңгеруші А.Е. Карабалина педагогтардың қызметін бағалауда әділдік пен қолдаудың маңыздылығын атап өтті. Қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру саласына қойылатын талаптар күн санап артып келеді. Осыған байланысты әрбір педагог өз ісіне жауапкершілікпен қарап, кәсіби шеберлігін үнемі жетілдіріп отыруы тиіс. Біздің негізгі міндетіміз – балалардың жас ерекшеліктеріне сай, қауіпсіз, дамытушы және тәрбиелік мәні жоғары білім беру ортасын қалыптастыру.

Бүгін қаралған екінші мәселе – балабақшадағы мамандардың қызметін салыстырмалы бақылау және талдау нәтижелері. Жүргізілген бақылау барысында көптеген педагогтардың ұйымдастырылған іс-әрекет қызметтерін талапқа сай, жоспарлы түрде ұйымдастырып отырғанын атап өткім келеді. Сабақтарда ойын технологияларының, көрнекі құралдардың, шығармашылық тапсырмалардың тиімді қолданылуы балалардың қызығушылығын арттырып, белсенділігін көтеріп отыр. Сонымен қатар, кейбір педагогтардың жұмысында әдістемелік бірізділікті күшейту, уақытты тиімді пайдалану және балалардың дербес әрекетін дамыту бағытында әлі де жұмыс жүргізу қажеттілігі байқалды. Осы орайда, әдіскер тарапынан жүйелі әдістемелік көмек көрсетіліп, педагогтарға бағыт-бағдар берілуі қажет деп есептеймін.

Үшінші мәселе бойынша Әдіскер: Г. Ж. Ниетбаева келесі қаралған мәселе – тәлімгерлердің қараша айына арналған жұмыс жоспарлары. Ұсынылған тәлімгерлік жоспарларда жас мамандардың құжаттармен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, ұйымдастырылған іс-әрект қызметтеріне қатысу, бірлескен талдау жүргізу, кәсіби қиындықтарды анықтау және шешу жолдары қарастырылған. Тәлімгерлердің жұмыс жоспарларын бекіту. Тәлімгерлік жұмыс жоспарлары нақты, жүйелі және нәтижеге бағытталған болуы тиіс. Бұл бағытта тәлімгерлердің жауапкершілігі жоғары деңгейде болуы қажет.

Сөйлегендер: Д.Н.Бисеналина тәлімгерлік жоспарларда төмендегі негізгі бағыттар қамтылған:

- жас мамандарды мектепке дейінгі ұйымның ішкі тәртібімен, нормативтік-құқықтық құжаттарымен таныстыру;
- күнтізбелік-тақырыптық жоспар құруға әдістемелік көмек көрсету;
- ұйымдастырылған іс-әрект қызметтеріне қатысу және бірлескен талдау жүргізу;

- ұйымдастырылған әс – әрект қызметін жоспарлау мен өткізу барысында әдіс-тәсілдерді дұрыс қолдануға бағыт беру;
- балалармен жеке және топтық жұмысты ұйымдастыру дағдыларын қалыптастыру;
- педагогикалық құжаттарды дұрыс жүргізуге үйрету;
- кәсіби қиындықтарды анықтау және оларды шешу жолдарын қарастыру.

Талқылау барысында тәлімгерлер өз жоспарларының мазмұнымен таныстырып, жас мамандардың бейімделу кезеңінде кездесетін негізгі қиындықтарға тоқталды. Сонымен қатар, жас мамандардың кәсіби сенімділігін арттыру, педагогикалық шеберлігін жетілдіру және шығармашылық әлеуетін дамыту бағытындағы жұмыстардың маңыздылығы айтылды. Тәлімгерлер өз жоспарлары бойынша пікір білдіріп, ұсыныстарын айтты.

Сөйлеген: Меңгеруші: А.Е.Карабалина; - Екінші мәселе – тәлімгерлердің жұмыс жоспарларын бекіту. Жас мамандар – біздің болашағымыз. Сондықтан олардың кәсіби қалыптасуына қолдау көрсету, тәжірибелі педагогтардың іс-тәжірибесін үйрету – баршамыздың ортақ міндетіміз. Тәлімгерлік жұмыс жоспарлары нақты, жүйелі және нәтижеге бағытталған болуы тиіс. Бұл бағытта тәлімгерлердің жауапкершілігі жоғары деңгейде болуы қажет.

Тыңдалды: Музыка жетекшісі З.М.Жоламанова араша айында өткізілетін ертеңгіліктердің кестесі мен мазмұнымен таныстырды.

Сөйлегендер: Меңгеруші: А.Е.Карабалина үшінші мәселе – қараша айына жоспарланған ертеңгіліктердің кестесі мен сценарийлерін бекіту. Ертеңгіліктер – балалардың шығармашылық қабілетін ашатын, олардың өзін еркін сезінуіне мүмкіндік беретін маңызды тәрбиелік іс-шаралар. Сондықтан әрбір ертеңгілік мазмұнды, тәрбиелік мәні жоғары, балалардың жас ерекшелігіне сай ұйымдастырылуы тиіс. Сонымен қатар, қауіпсіздік талаптарының қатаң сақталуына ерекше көңіл бөлінуі қажет. Қорытындылай келе, әріптестер, біздің ортақ мақсатымыз – балабақшада сапалы білім беру кеңістігін қалыптастыру. Әр педагог өз ісіне шығармашылықпен қарап, кәсіби дамуға ұмтылса, біз күткен нәтижеге қол жеткіземіз деп сенемін. Қабылданған шешімдердің уақытылы және сапалы орындалуын қамтамасыз етуді сұраймын.

Қаулы етті:

1. Әдістемелік олқылықтар анықталған педагогтарға жеке кеңес берілсін;
2. Жас мамандардың жұмысы ай сайын қаралып, тәлімгер мен әдіскер тарапынан бақылау жүргізілсін.
3. Әдістемелік олқылықтар анықталған педагогтарға жеке кеңес берілсін
4. Ертеңгіліктер кестесі мен сценарийлері бекітіліп, қауіпсіздік талаптары қатаң сақталсын

Төраға: _____ //
Хатшы: _____ //

ХАТТАМА № 2

Өткізілген күні: 03.12.25 жыл.

Қатысқандар: 23

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Өткен кеңестің шешімінің орындалуы.
2. Жаңа жылдық мерекелерге дайындық: музыкалық залды безендіру, топтар, әдістер.
3. Ертеңгіліктер кестесі мен сценарийлерін бекіту.
4. I тоқсан бойынша балалардың сырқаттануы жөніндегі көрсеткіш қорытындысы.
5. Талдау: Балалардың эстетикалық тәрбиесінің деңгейі.

1-мәселе бойынша:

Тыңдалды: Балабақша әдіскері - Г. Ж. Ниетбаева өтілген педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдер негізінде бірқатар жұмыстар жүйелі түрде жүргізілді.

Әдістемелік олқылықтар анықталған педагогтарға жеке кеңестер беріліп, олардың жұмысындағы кемшіліктерді жою бойынша нақты ұсыныстар жасалды. Әр педагогпен жеке жұмыс жүргізіліп, әдістемелік көмек көрсетілді.

Жас мамандардың жұмысы ай сайын қаралып, тәлімгерлер мен әдіскер тарапынан тұрақты бақылау ұйымдастырылды. Олардың кәсіби деңгейін арттыру мақсатында әдістемелік қолдау көрсетіліп, тәжірибелі педагогтардың сабақтарына қатысуы қамтамасыз етілді.

Ертеңгіліктердің кестесі мен сценарийлері бекітіліп, тәрбиешілермен таныстырылды. Ертеңгіліктерді өткізу барысында қауіпсіздік талаптарының қатаң сақталуына ерекше көңіл бөлінуде. Жалпы, кеңесте қабылданған шешімдер жоспарға сәйкес орындалуда және алдағы уақытта да бақылау жұмыстары жалғасын табады.

2-мәселе бойынша: Сөйледі: Балабақша меңгерушісі – А.Е. Карабалина жаңа жылдық безендездру жұмыстары балалардың жас ерекшеліктеріне сай, эстетикалық және тәрбиелік мәні бар болуы керектігін атап өтті.

Сонымен қатар дәліздерді де, безендіру кезінде қауіпсіздік талаптардың сақталуы туралы айтып өтті. Топ бөлмелерін безендіруде ата –аналармен бірлесе, шығармашылық жұмыстар ұйымдастыруға болатындығы айтылды. Безендіру жұмыстары белгіленген уақытта аяқталсын.

Жаңа жылдық шыршаны безендіруге бөлінген педагогтар; жаңа жылдық мерекелерге дайындық барысы туралы баяндады. Музыкалық залды безендіру жұмыстары, әр топтың қатысуы және қолданылатын әдістер

таныстырылды. Безендіру барысында балалардың жас ерекшеліктері мен қауіпсіздігі ескерілетіні айтылды.

3-мәселе бойынша: Музыка жетекшісі З. М. Жоламанова ертеңгіліктердің кестесі мен сценарийлерін таныстырды. Жаңа жылдық ертеңгіліктердің сценарийлерін бекіту жайында сөз алған әдіскер – Г. Ж. Ниетбаева. Ертеңгіліктердің кесте бойынша әр топ өз жұмыстарын жүргізу керектігін айтты. Сценарий мазмұны мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкес келетінін, балалардың белсенді қатысуына бағытталғанын айтты.

4-мәселе бойынша сөйледі: Балабақша медбикесі - З.Т Бурханова I тоқсан ішінде балалардың сырқаттану көрсеткіштері туралы ақпарат берді. Талдау барысында жедел респираторлық вирустық аурулар, тұмау және маусымдық сырқаттар жиі кездескені атап өтілді. Сырқаттану деңгейі өткен тоқсанмен салыстырылып, себептері мен алдын алу шаралары талқыланды.

5- мәселе бойынша сөйледі: Әдіскер – Г.Ж. Ниетбаева Балалардың эстетикалық тәрбиесінің деңгейіне талдау жасалды. Көркемдік талғамды дамыту бағытында жүргізілген жұмыстар нәтижелі екені айтылды. Әліде болса балалардың бойына эстетикалық тәрбиені сіңіре түсу керектігін және де, шығармашылық жұмыстарды жүргізіп , түрлі байқауларға қатысып бала бойындағы қызығушылық қабілеттерін оята түсу керек екендігін айтып өтті.

Қаулы етті:

1. Ұсынылған ертеңгіліктер кестесі мен сценарийлері бекітілсін.
2. Тәрбиешілер сценарийлермен танысып, дайындық жұмыстарын уақытылы жүргізісін.
3. Балалардың сырқаттануын азайту мақсатында санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуын күшейту
4. Таңертеңгі сүзгі (фильтр) жұмыстарын тұрақты жүргізу.
5. Ата-аналармен түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру.
6. Алдын алу шаралары бойынша медициналық бақылауды жалғастыру.
7. Эстетикалық тәрбиеге бағытталған жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыру.

Төраға: _____ (қолы)

Хатшы: _____ (қолы)

ХАТТАМА № 4

Өткізілген орны: 06.01.2026 жыл.
Қатысқандар: 23

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Желтоқсан айында өткен кеңестің шешімінің орындалуы.
2. 2026 жылғы қызметкерлердің еңбек демалысы кестесін бекіту.
3. Қыс мезгілінде баланың өмірі мен денсаулығын қорғау шаралары.
4. Еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықпен таныстыру.

1-мәселе

Тыңдалды:

Сөйледі : Балабақша әдіскері - Г. Ж. Ниетбаева Желтоқсан айында бекітілген ертеңгіліктер кестесі мен сценарийлерінің уақытында дайындалып, тәрбиешілермен таныстырылғанын атап өтті. Дайындық жұмыстары жоспарға сәйкес жүргізілді. Балалардың сырқаттануын азайту мақсатында санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуына бақылау күшейтілгенін, алдын алу шараларының жүйелі түрде жүргізілгенін жеткізді. Сонымен қатар эстетикалық тәрбиеге бағытталған жұмыстардың үздіксіз жалғасып жатқанын айтты.

2-мәселе 2026 жылғы қызметкерлердің еңбек демалысы кестесін бекіту

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі – А.Е. Карабалина. 2026 жылға арналған қызметкерлердің еңбек демалысы кестесінің жобасын таныстырды. Кесте Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жасалғаны, әр қызметкердің демалысқа шығу мерзімі алдын ала келісілгені айтылды. Демалыс кезеңдері мекеменің жұмыс процесіне кедергі келтірмейтіндей етіп жоспарланғаны атап өтілді.

Сөз сөйледі: Балабақша тәрбиешісі Г.И. Смагулова. 2026 жылға арналған қызметкерлердің еңбек демалысы кестесімен танысқанын айтып, демалыс мерзімдерінің алдын ала жоспарланғанын қолдайтынын жеткізді. Демалыс кезеңінде оқу-тәрбие процесінің үздіксіз жүргізілуі үшін тәрбиешілер арасында өзара келісімнің маңызды екенін атап өтті. Сонымен қатар демалыс кестесіне өзгерістер енгізу қажеттілігі туындаған жағдайда, оны алдын ала ескерту арқылы шешу керектігін ұсынды.

3-мәселе

Қыс мезгілінде баланың өмірі мен денсаулығын қорғау

Тыңдалды: Балабақша медбикесі - З.Т Бурханова. Қыс мезгілінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, денсаулығын сақтау мәселелері қаралды. Ауа райының қолайсыз жағдайларында серуенді дұрыс ұйымдастыру, балаларды жылы киіндіру, тайгак жерлерде қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұқпалы аурулардың алдын алу шаралары туралы баяндалды.

Сөз сөйледі: Балабақша тәрбиешісі – Д.Н. Бисеналина: Педагогтар балаларға қауіпсіздік ережелерін жүйелі түрде түсіндірудің маңыздылығын атап өтті. Ата-аналармен түсіндіру жұмыстарын күшейту ұсынылды.

4-мәселе Еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықпен таныстыру

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі – А.Е. Карабалина. Қызметкерлерге еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі жөніндегі нұсқаулық таныстырылды. Жұмыс орнындағы қауіпсіздік талаптары, төтенше жағдайлар кезінде әрекет ету тәртібі, еңбек қауіпсіздігін сақтау жауапкершілігі түсіндірілді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Желтоқсан айына арналған қаулыда белгіленген тапсырмалардың орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын. Атқарылған жұмыстар жалғастырылып, санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуы тұрақты бақылауда болсын.
2. 2026 жылғы қызметкерлердің еңбек демалысы кестесі бекітіліп, барлық қызметкерлерге таныстырылсын.
3. Қыс мезгілінде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша іс-шаралар жоспары бекітіліп, қауіпсіздік ережелері балаларға жас ерекшелігіне сай түсіндірілсін.
4. Қызметкерлер еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықпен таныстырылғаны есепке алынып, нұсқаулық талаптарын қатаң сақтау міндеттелсін.

Төраға: _____ (қолы)
Хатшы: _____ (қолы)